



Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қызметінің жекелеген мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 9 сәуір N 385

Ішкі істер министрлігінің Астана қаласында салынып жатқан объектілерін пайдалануға уақытында тапсыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі: спорт кешенінің және Манас көшесі, 4 үйдегі әкімшілік ғимараттың құрылысын жүйе кәсіпорындарының құрылыс материалдарын, конструкцияларын және жұмыстары мен қызмет көрсетулерін барынша пайдалана отырып ішкі істер органдары жүйесінің құрылыс ұйымдарымен жүргізсін;

жұмыстарды жүргізуге спорт кешенінің құрылысы жөніндегі жоба-сметалық құжаттаманың кезең-кезеңмен әзірленуіне қарай рұқсат етсін.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.12.08. N 1824 қаулысымен.

P001824_

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданылуға енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Умбетова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК